ҚАЗТЕМІРТРАНС

# «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2017 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілік

## «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**МАЗМҰНЫ**


| | Беті |
|---|---|
| 2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖАЙЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ | 1 |
| ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ | 2-4 |
| 2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК | |
| Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп | 5 |
| Пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп | 6 |
| Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп | 7-8 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп | 9 |
| Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер | 10-44 |

## «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ

**2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖАЙЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ**

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Компания») басшылығы 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталады) шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күні аяқталған жыл ішi оның қызметінің шоғырландырылған нәтижелерін, ақшалай қаражаттың қозғалысы мен капиталдағы өзгерістерін шынайы көрсететін Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық:

- есеп саясатының қағидаларын дұрыс таңдауды қамтамасыз ету және олардың ретті қолданылуы үшін;
- ақпараттың, соның ішінде есеп саясаты туралы деректердің мұндай ақпараттың орындылығын, анықтылығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынылуы үшін;
- есептілікті пайдаланушыларға кейбір мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы мен қызметінің шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне қандай әсер ететінін түсіну үшін ХҚЕС талаптарын орындау жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу үшін;
- Топтың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалау үшін жауапты.

Сонымен қатар басшылық:

- Топтың бүкіл бөлімшелерінде тиімді әрі сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау үшін;
- Топ мәмілелерін ашуға және түсіндіруге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізу, сондай-ақ кез келген күндегі жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы ақпаратты анық беру және Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ХҚЕС сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін;
- бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС сәйкес жүргізілуі үшін;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында барлық орынды шараларды қолдану үшін;
- қаржылық және өзге де асыра пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау үшін жауапты.

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының басшылығы 2017 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішi шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2018 ж. 26 ақпанда бекітті.

**Топ басшылығы атынан:**

| | | |
|---|---|---|
| **Саурбаев К.А.**<br>**Президенттің м.а.** | **Максутов А.Б.**<br>**Қаржы жөніндегі вице-президент** | **Узенбаев М.Н.**<br>**Бас бухгалтер - Бухгалтерлік есеп департаментінің директоры** |
| 2018 ж. 26 ақпан | 2018 ж. 26 ақпан | 2018 ж. 26 ақпан |

Астана қ., Қазақстан Республикасы

Deloitte.

«Делойт» ЖШС
Әл-Фараби даңғ.,36,
Алматы қ., 050059,
Қазақстан Республикасы

Тел: +7 (727) 258 13 40
Факс: +7 (727) 258 13 41
www.deloitte.kz

# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне және Акционеріне

## Пікір

Біз «Қазтеміртранс» АҚ-ның (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталады) 2017 ж. 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, 2017 жыл ішіі пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептен, ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде, есептік саясаттың негізгі ережелеріне қысқаша шолудан тұратын шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның 2017 ж. 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ 2017 жыл ішіі оның қызметінің шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен шоғырландырылған ақшалай қаражаттың қозғалысын Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсетеді.

## Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне сәйкес және Қазақстан Республикасында қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптармен және Кодекспен белгіленген өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікір білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдеме алғанымызға сенеміз.

## Маңызды жайлар

Топтың қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілігіне 18 Ескертуде көрсетілгендей, 2017 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіі Топ кірістерінің 74% байланысты тараптармен жасалған мәмілелерден алынды. Бұл біздің пікірімізді модификациялауға әкелген жоқ.

## Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Топ басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты. Шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау барысында басшылық Топтың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе басшылықтың Топты таратуға немесе қызметін тоқтатуға баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

«Делойт» атауы бір немесе бірнеше мүше кіретін «Делойт Туш Томацу Лимитед» тобына кіретін заңды тұлғалардың біріне қатысты, оның қатысушыларының жауапкершілігі олар кепілдік берген көлеммен шектелетін, Ұлыбританияның заңнамасына сәйкес тіркелген жеке компания болып табылады; әр осындай заңды тұлға жеке және тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. «Делойт Туш Томацу Лимитед» тобының және оған кіретін заңды тұлғалардың заңды құрылымы туралы ақпарат келесі сайтта көрсетілген: www.deloitte.com/about. «Делойт» ТМД заңды құрылымы туралы ақпарат келесі сайтта көрсетілген: www.deloitte.com/ru/about.

© 2018 «Делойт Туш Томацу Лимитед» мүшесі

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

**Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитор жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында мүмкін елеулі бұрмалаушылықтардың анықталуына кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесі болуы мүмкін және егер олардың шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алатыны негізді түрде болжанса, елеулі болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылауларды зерделейміз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сондай-ақ басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Топтың үздіксіз қызмет жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізді модификациялаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Топтың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілеттігінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.
- шоғарландырылған қаржылық есептілікке пікір білдіруге Топтың компанияларының қаржылық жағдайы және қызметі жайлы жеткілікті ақпарат алып және дәлелді аудиторлық пікір білдіреміз. Біз Топқа, басшылыққа және олардың қызметі аудитіне жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікірімізге жауаптымыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жайлы, сонымен қатар аудит барысында анықталған елеулі мәселелер жайлы, соның ішінде ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

| | |
|---|---|
| Алуа Есімбекова<br>Жоба бойынша серіктес<br>Қоғамдық бухгалтер,<br>Нью-Гемпшир штаты, АҚШ<br>2014 ж. 12 маусымдағы<br>№7348 лицензия | Дәулет Қуатбеков<br>Білікті аудитор<br>2002 ж. 15 ақпандағы<br>№0000523 аудитордың<br>біліктілік куәлігі<br>Қазақстан Республикасы |

DELOITTE, LLP

«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға №0000015 мемлекеттік лицензия, МФЮ – 2 түрі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

Нұрлан Бекенов
«Делойт» ЖШС
бас директоры

«Делойт» ЖШС
2018 ж. 26 ақпан

## «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

*(мың теңге)*

| | Ескер-тулер | 2017 ж. 31 желтоқсан | 2016 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| **ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР** | | | |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар | 6 | 337,243,546 | 353,412,403 |
| Бейматериалдық активтер | | 342,810 | 448,740 |
| Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар | | 33,035 | - |
| Өзге ұзақ мерзімді активтер | 7 | 1,210,266 | 1,881,219 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 13 | 266,501 | 390,572 |
| **Ұзақ мерзімді активтер жиыны** | | **339,096,158** | **356,132,934** |
| **АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР** | | | |
| Тауарлық-материалдық қорлар | 8 | 6,716,409 | 5,150,651 |
| Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі | 26 | 22,580,954 | 9,466,389 |
| Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі | | 988,225 | 646,405 |
| Басқа ағымдағы активтер | 9 | 7,811,193 | 1,772,879 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлеу | | 76,007 | 133,184 |
| Басқа салықтар бойынша артық төлеу | | 2,840 | 2,277,275 |
| Басқа қаржы активтері | | 148,321 | 99,270 |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздар | 26 | 1,918,219 | - |
| Ақшалай қаражат пен оның баламалары | 10 | 853,975 | 955,711 |
| | | 41,096,143 | 20,501,764 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер | 11 | 3,147,193 | 8,667,579 |
| **Ағымдағы активтер жиыны** | | **44,243,336** | **29,169,343** |
| **АКТИВТЕР ЖИЫНЫ** | | **383,339,494** | **385,302,277** |
| **КАПИТАЛ** | | | |
| Акционерлік капитал | 12 | 67,726,866 | 67,726,866 |
| Шетел валютасын қайта есептеу қоры | | - | 107,775 |
| Өтелмеген шығын | | (245,671,330) | (229,614,041) |
| Негізгі компанияның акционеріне қатысты капитал тапшылығы | | (177,944,464) | (161,779,400) |
| Иеленудің бақыланбайтын үлесі | | (1,251,817) | (526,365) |
| **КАПИТАЛ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖИЫНЫ** | | **(179,196,281)** | **(162,305,765)** |
| **ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | 13 | 8,788,944 | 7,475,803 |
| Ұзақ мерзімді қарыздар | 14 | 515,844,334 | 454,242,480 |
| Еңбек қызметінің аяқталуына байланысты қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер | | 353,255 | 322,835 |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер | | 533,885 | - |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны** | | **525,520,418** | **462,041,118** |
| **АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| Ұзақ мерзімді қарыздар бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі | 14 | 4,632,632 | 68,966,340 |
| Сауда кредиторлық берешек | 15 | 10,162,377 | 9,236,289 |
| Еңбек қызметінің аяқталуына байланысты қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі | | 24,976 | 19,060 |
| Бюджетке төленетін салықтар мен міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер | 16 | 3,582,326 | 1,199,103 |
| Басқа ағымдағы міндеттемелер | 17 | 18,613,046 | 2,508,044 |
| | | 37,015,357 | 81,928,836 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтермен қауымдастырылған міндеттемелер | 11 | - | 3,638,088 |
| **Ағымдағы міндеттемелер жиыны** | | **37,015,357** | **85,566,924** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | | **383,339,494** | **385,302,277** |

**Басшылық атынан:**

| | | |
|---|---|---|
| **Сәурбаев К.А.**<br>**Президенттің м.а.** | **Мақсұтов А.Б.**<br>**Қаржы жөніндегі вице-президенті** | **Үзенбаев М.Н.**<br>**Бас бухгалтер – Бухгалтерлік есеп департаментінің директоры** |
| 2018 ж. 26 ақпан | 2018 ж. 26 ақпан | 2018 ж. 26 ақпан |

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ПАЙДА МЕН ШЫҒЫНДАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

*(мың теңге)*

| | Ескер-тулер | 2017 ж. | 2016 ж. |
|---|---|---|---|
| Қызмет көрсетуден түсетін кірістер | 18 | 76,699,584 | 81,268,806 |
| Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны | 19 | (49,736,061) | (67,402,055) |
| **Жалпы кіріс** | | **26,963,523** | **13,866,751** |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 20 | (6,017,236) | (9,602,864) |
| Қаржылық кірістер | 21 | 1,189,718 | 4,050,313 |
| Қаржылық шығыстар | 22 | (38,398,722) | (38,464,806) |
| Бағам айырмашылығынан (шығын)/кіріс | | (412,189) | 9,670,999 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді өткізу | 11 | 1,469,653 | - |
| Бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлес | | (162,215) | 1,118,752 |
| Басқа кірістер | | 756,640 | 1,245,893 |
| **Салық салуға дейінгі шығын** | | **(14,610,828)** | **(18,114,962)** |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша (шығыс)/үнемдеу | 13 | (1,575,306) | 3,052,536 |
| **Жыл іші шығын** | | **(16,186,134)** | **(15,062,426)** |
| **Өзге жиынтық кіріс** | | | |
| *Кейінгі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жататын өзге жиынтық (шығын)/кіріс:* | | | |
| Төлемдері белгіленген зейнетақы жоспары бойынша актуарлық кіріс | | (19,329) | 29,576 |
| Шетелдік бөлімшені есептілік валютасына қайта есептеуден бағамдық айырмашылықтар | | (117,219) | 45,341 |
| **Жыл іші өзге жиынтық (шығын)/кіріс** | | (136,548) | 74,917 |
| **Жыл іші жиынтық шығын жиыны** | | **(16,322,682)** | **(14,987,509)** |
| **Төмендегілерге қатысты жыл іші шығын:** | | | |
| Негізгі компанияның акционеріне | | (15,487,952) | (14,753,219) |
| Бақыланбайтын үлестерге | | (698,182) | (309,207) |
| | | **(16,186,134)** | **(15,062,426)** |
| **Төмендегілерге қатысты жыл іші жиынтық шығын жиыны:** | | | |
| Негізгі компанияның акционеріне | | (15,624,500) | (14,678,302) |
| Бақыланбайтын үлестерге | | (698,182) | (309,207) |
| | | **(16,322,682)** | **(14,987,509)** |

**Басшылық атынан:**

**Саурбаев К.А.**
**Президенттің м.а.**

2018 ж. 26 ақпан

**Мақсутов А.Б.**
**Қаржы жөніндегі вице-президенті**

2018 ж. 26 ақпан

**Узенбаев М.Н.**
**Бас бухгалтер – Бухгалтерлік есеп департаментінің директоры**

2018 ж. 26 ақпан

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

*(мың теңге)*

| | Ескер-тулер | 2017 ж. | 2016 ж. |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың қозғалысы:** | | | |
| Салық салуға дейінгі шығын | | (14,610,828) | (18,114,962) |
| Түзету: | | | |
| Тозу мен амортизация | | 19,974,591 | 20,022,556 |
| Қаржылық шығыстар | 22 | 38,398,722 | 38,464,806 |
| Қаржылық кірістер | 21 | (1,189,718) | (4,050,313) |
| Еншілес ұйымдарды сатудан түскен кіріс | | (1,469,653) | - |
| Активтердің істен шығуынан шығын | | 799,346 | - |
| Бағамдағы айырмадан шығын/(кіріс) | | 412,189 | (9,670,999) |
| Күмәнді берешек бойынша қорлар | 20 | 294,560 | 168,543 |
| Бірлескен кәсіпорынның шығындағы/(пайдасындағы) үлесі | | 162,215 | (1,118,752) |
| Сатуға арналған активтердің құнсыздануынан шығын | | - | 1,975,884 |
| Өзгесі | | - | 47,645 |
| Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық кіріс: | | 42,771,424 | 27,724,408 |
| Сауда дебиторлық берешектегі өзгеріс | | (11,933,349) | (6,601,191) |
| Тауарлық-материалдық қорлардағы өзгеріс | | 974,619 | 1,083,849 |
| Басқа ағымдағы активтердегі өзгеріс | | (6,207,639) | 6,347,124 |
| Сауда кредиторлық берешектегі өзгеріс | | 939,416 | 5,181,063 |
| Салықтар бойынша алдын ала төлеу мен артық төлеудегі өзгеріс | | 2,331,021 | - |
| Салықтар, бюджетке төленетін міндетті төлемдер мен өтеуге қосымша құн салығы бойынша міндеттемелердегі өзгеріс | | 2,210,989 | (4,062,290) |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс | | 16,025,630 | (548,884) |
| Ұзақ мерзімді активтердегі және сатуға арналған міндеттемелердегі өзгеріс | | 598,692 | - |
| Еңбек қызметінің аяқталуына байланысты қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелердегі өзгеріс | | 12,569 | (29,576) |
| Өзге ұзақ мерзімді активтердегі өзгеріс | | 279,892 | - |
| Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың түсуі | | 48,003,264 | 29,094,503 |
| Төленген пайыздар | | (33,011,733) | (33,536,639) |
| Төленген табыс салығы | | (5,228,777) | (341,413) |
| **Операциялық қызметтен(-те) алынған/(пайдаланылған) таза ақшалай қаражат** | | **9,762,754** | **(4,783,549)** |
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы:** | | | |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатып алу, ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға берілген аванстар мен жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды күрделі жөндеу | | (10,484,832) | (276,892) |
| Бейматериалдық активтерді сатып алу | | (111,812) | - |
| Қауымдастырылған кәсіпорындардағы үлесті сатып алу | | (195,250) | - |
| Берілген пайызсыз қарыздар | 26 | (8,500,000) | - |
| Берілген қарыздар бойынша өтеуді алу | 26 | 6,500,000 | 115,442,600 |
| Еншілес ұйымдардың үлесін сату | | 5,911,258 | - |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан келген түсімдер | | - | 3,854,796 |
| Депозиттік шот ашу | | (26,861,248) | (43,150,365) |
| Депозиттік шот жабу | | 26,892,645 | 48,753,290 |
| Алынған пайыздар | | 253,625 | 4,532,062 |
| Бірлескен кәсіпорыннан алынған дивидендтер | | - | 708,718 |
| **Инвестициялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат** | | **6,595,614** | **129,864,209** |

**«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)**
*(мың теңге)*

| | Ескер-түлер | 2017 ж. | 2016 ж. |
|---|---|---|---|
| **Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы:** | | | |
| Ұзақ мерзімді қарыздардың түсуі | 26 | 60,170,000 | - |
| Ұзақ мерзімді қарыздарды өтеу | | (63,922,114) | (13,049,760) |
| Облигацияларды өтеу | | - | (115,562,041) |
| Қаржылық жалдау бойынша төлемдер | | - | (201,909) |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақшалай қаражат** | | **(3,752,114)** | **(128,813,710)** |
| **Ақшалай қаражат пен оның баламаларындағы таза азаюы** | | **(584,974)** | **(3,733,050)** |
| Жыл басындағы ақшалай қаражат пен оның баламалары | 10 | 955,711 | 5,835,467 |
| Шетел валютасындағы ақшалай қаражат пен оның баламаларына айырбастау бағамы өзгеруінің әсері | | 483,238 | (869,239) |
| **Жылдың аяғындағы ақшалай қаражат пен оның баламалары** | **10** | **853,975** | **1,233,178** |
| **Ақшалай емес операциялар:** | | | |
| Негізгі компаниядан(-мен) алынған/берілген жұмыстарды (қызметтерді) төлеу бойынша өзара есепке алу | | 1,452,814 | 7,503,014 |

**Басшылық атынан:**

| | | |
|---|---|---|
| **Саурбаев К.А.**<br>**Президенттің м.а.** | **Максутов А.Б.**<br>**Қаржы жөніндегі Вице-Президенті** | **Узенбаев М.Н.**<br>**Басбухгалтер – Бухгалтерлік есеп департаментінің директоры** |
| 2018 ж. 26 ақпан | 2018 ж. 26 ақпан | 2018 ж. 26 ақпан |

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«ҚАЗТЕМІРТРАНС»АКЦИОНЕРЛІКҚОҒАМЫ**

**2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ**
**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**
*(мың теңге)*

| | Ескер-тулер | Акционер-лік капитал | Шетел валютасын қайта есептеу қоры | Бөлінбеген кіріс/ өтелмеген шығын | Негізгі компанияның акционеріне тиесілі капитал тапшылығы | Иеленудің бақыланбайтын үлесі | Капитал / (капитал тапшылығы-ның) жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2016 ж. 1 қаңтарына** | | **67,726,866** | **67,015** | **(214,890,398)** | **(147,096,517)** | **(182,057)** | **(147,278,574)** |
| Жыл ішi шығын | | - | - | (14,753,219) | (14,753,219) | (309,207) | (15,062,426) |
| Жылішіөзгежиынтықшығын | | - | 40,760 | 29,576 | 70,336 | 4,581 | 74,917 |
| Жылішіжиынтыққіріс/(шығын) жиыны | | - | 40,760 | (14,723,643) | (14,682,883) | (304,626) | (14,987,509) |
| Дивидендтер | | - | - | - | - | (39,682) | (39,682) |
| **2016 ж. 31 желтоқсанына** | | **67,726,866** | **107,775** | **(229,614,041)** | **(161,779,400)** | **(526,365)** | **(162,305,765)** |
| Жыл ішi шығын | | - | - | (15,487,952) | (15,487,952) | (698,182) | (16,186,134) |
| Жылішіөзгежиынтықшығын | | - | (107,775) | (19,329) | (127,104) | (9,444) | (136,548) |
| Жылішіжиынтықшығынжиыны | | 67,726,866 | - | (245,121,322) | (177,394,464) | (1,233,991) | (178,628,447) |
| Дивидендтер | | - | - | - | - | (17,826) | (17,826) |
| Акционергеберілгенқаржылыққөмектіәділқұнынадейінгітүзету | | - | - | (550,008) | (550,008) | - | (550,008) |
| **2017 ж. 31 желтоқсанына** | | **67,726,866** | **-** | **(245,671,330)** | **(177,944,464)** | **(1,251,817)** | **(179,196,281)** |

**Басшылық атынан:**

**Саурбаев К.А.**
**Президенттің м.а.**

2018 ж. 26 ақпан

**Мақсутов А.Б.**
**Қаржы жөніндегі Вице-Президенті**

2018 ж. 26 ақпан

**Узенбаев М.Н.**
**Бас бухгалтер – Бухгалтерлік есеп департаметінің директоры**

2018 ж. 26 ақпан

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Компания») «Қазақстан темір жолы» Ұлттық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «ҚТЖ» ҰК» АҚ, немесе «Акционер», немесе «Негізгі компания») Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес құрылды. Компания 2003 ж. 21 қазанда тіркелді, дегенмен, капиталы, 2003 ж. 14 қарашасынан бастап (бұдан әрі - «Құрылған күні»), бірнеше жарналармен төленді және Компания жұмысына осы күннен кірісті.

Компания Қазақстан Республикасы жүк вагондарының мүліктік паркінің иесі болып табылады. 2003-2016 жж. Компанияның негізгі әрекеті вагон операторларына қызметтер көрсету, вагондарды жалға беру және Қазақстан Республикасында және одан тыс аймақтарға көліктік қызметтер ұсыну болды. 2017 ж. Компания вагондарға операция жасау бойынша және тасымалдау мен пайдалану бойынша қызметтерді «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымы «KTZ-Express»-ке берді.

2017 ж. 1 қаңтарынан бастап Компания платформалар операторының қызметтерін, жабық вагондар операторының қызметтерін көрсету, теміржол жылжымалы составын жалға беру бойынша басым жағдаймен айналысатын нарық субъектісі болып табылмайды және Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңымен қарастырылған тауарлар нарықтарындағы мемлекеттік бағаны реттеуді жоюмен байланысты көрсетілетін қызметтерге тарифтерді өздігінен белгілеу мүмкіншілігіне ие.

2017 ж. бойында Компания жүк вагондарын жалға беру тарифін көтерді. Нәтижесінде тарифтерді орташа көтеру 30% құрады.

Компанияның жалғыз акционері «ҚТЖ»ҰК» АҚ болып табылады. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тұлғасындағы мемлекет Компанияның соңғы акционері болып табылады. Байланысты тараптармен операциялар жайлы нақты ақпарат 26 Ескертуде беріледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік 24 Ескертуде аталған Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық нәтижелерін қамтиды. Компания және оның еншілес ұйымдары бірге «Топ» деп аталады.

2017 ж. Топ жұмысшыларының орташа саны 1,728 адамды (2016 ж.: 2,011 адам) құрады.

Компанияның тіркелген кеңсесі мына мекенжай бойынша орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қ., 010000, Қонаев көш., 10.

## 2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

### Сәйкестік жайлы мәлімдеме

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

### Үздіксіз қызмет принципі

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі, Топтың өз әрекетін көз жетерлік болашақта жалғастыратындығы жайлы болжамнан шыға отырып, дайындады. Дегенмен 2017 ж. 31 желтоқсандағы және осы күнде аяқталған жылдағы жағдай бойынша Топтың капитал жетіспеушілігі мен таза шығыны 179,196,281 мың теңгені және, сәйкесінше, 16,186,134 мың теңгені құрады. 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы активтер ағымдағы міндеттерді 7,227,979 мың теңгеге көтерді (2017 ж. 31 желтоқсанға: ағымдағы міндеттер ағымдағы активтерді 56,397,581 мың теңгеге көтерді).

Басшылық, төмендегілерді қоса алғанда, Басшылық келесі шараларды зерттемелегендіктен, Топ өз активтерін сата алады және қалыпты әрекет барысында өз міндеттерін өтей алады деп есептейді:

- Топ басшылығы өтеу мерзімі 2022 ж. 1 маусымына дейін 9.85% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 11,000,000 мың рубль (60,170,000 мың теңге) сомасында «ҚТЖ»ҰК» АҚ еншілес ұйымынан - «КТЖ Финанс» ЖШҚ қарыз алуына сәйкес 2016-2020 жж. Борыштық қоржынмен басқару саясатын зерттемеледі. 2017 ж. тамызында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ 60,000,000 мың теңге сомасындағы қарызына өтеу жасады.
- 2016 ж. 22 желтоқсанда Топ басшылығы, Негізгі компанияның қарызын қоса алғанда, ЕҚДБ қарыздарының құрылымдарын өзгерту жайлы келісімге қол жеткізді. Осы келісімге сәйкес, Топқа берілген ЕҚДБ қарыздарының және Негізгі компания берген ЕҚДБ қарызының құрылымдары өзгертілді және бір қарызға біріктірілді. Осы қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі, келісімге сәйкес түзетулерді есепке алғанда, 4.35% + 6-айлық LIBOR құрайды. Қарызды өтеу мерзімі 2026 ж. 24 маусымы. Сонымен қатар 2017 ж. 24 ақпанында қарыздың негізгі бөлігіне 4.35%+All-In-Cost мөлшерлемесі бойынша 26,617,335 мың теңге сомасында айырбастау жүргізілді және қалдығы 4.35%+Libor мөлшерлемесі бойынша АҚШ 5,283,335 долларын құрады.

Жұмыстың үздіксіздігі жайлы болжамды бағалау барысында басшылық Топтың қаржылық жағдайын, күтілетін болашақ қаржылық нәтижелерді, қарыздарды, қолжетімді несиелік қаржылар мен инвестициялық сипаттағы өз міндеттерді, күтілетін тарифтерді, валюта бағамдарын, сонымен қатар Топ ұшырайтын тәуекелдерді назарға алды. Сәйкес талдауды жүргізгеннен кейін басшылық Топта операциялық әрекетін жалғастыру мен өзінің міндеттерін өтеу үшін жеткілікті ресурстарының бар және осы шоғырландырылған есептілікті дайындау барысында үзіліссіз әрекет ету ұстанымын орынды қолдану бар деген қорытындыға келді.

Топтың барлық қарыздары Негізгі компаниямен кепілдендірілген, немесе Топ Негізгі компаниямен бірге қарыздар келісім-шартына қатысады.

«ҚТЖ»ҰК» АҚ Негізгі Компаниясы Топқа жалғасатын үздіксіз қаржылық және операциялық қолдау көрсету көрсету ниетін растаған хат берді. Басшылық жоғарыда аталған қолдаумен Топты операциялық пайданың жеткілікті деңгейіне шығуға қабілетті деп есептейді.

Жоғарыда көрсетілгенмен байланысты басшылық Топты көз жететін болашақта өз әрекетін жалғастыратын болады деп есептейді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер Топ үздіксіздік ұстанымын ұстай алмаса, талап етуі мүмкін болатын қандай да бір түзетулерден тұрмайды.

## 3. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ

**Жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдау**

Төменде аталған жаңа және қайта қаралған стандарттар мен интерпретациялар ағымдағы кезеңде алғаш рет қабылданды:

- ХҚЕС (IAS) 7 «Ақпаратты ашу саласындағы бастамаларға» түзетулер;
- ХҚЕС (IAS) 12 «Орындалмаған шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салықтық активтерді тану» түзетулер;
- Жылсайынғы ХҚЕС жетілдіру, 2014-2016 жж. кезең.

**ХҚЕС (IAS) 7 «Ақпаратты ашу саласындағы бастамаларға» түзетулер**, қаржылық есептіліктің ақша ағымдарымен шартталған өзгерістерін де, олармен шартталмаған өзгерістерді де қоса алғанда, қаржылық әрекет нәтижесіндегі міндеттердің өзгеруін бағалауға қолданушыларға көмектесетін ақпаратты ашуды талап етеді.

**ХҚЕС (IAS) 12 «Орындалмаған шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салықтық активтерді тану» түзетулер,** жүзеге асырылмаған шығындарға қатысты келесідей түсіндірулерден тұрады, үйым ретінде шығарылған уақытша айырмашылыққа есептеуге болатынға қарсы болашақта жеткілікті салық салынатын пайданың болуын бағалау қажет.

Осы түзетулерді қолдану Топ әрекетінің немесе қаржылық жағдайының нәтижесіне әсер еткен жоқ.

Топ осы түзетулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің сапасын, түсініктілігін және пайдалылығын көтереді деп болжайды.

**Шығарылғандар, бірақ Стандарттар мен Интерпретациялар әрекетіне енгізілмегендер**

Топ, шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген келесідей жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қабылдаған жоқ.

**ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»**

2017 ж. 31 желтоқсанына Топтың қаржылық активтері мен қаржылық міндеттерді, сонымен қатар осы күндегі жағдай бойынша деректер мен жағдайларды талдау негізінде Топ басшылығы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ХҚЕС (IFRS) 9 әсер етуінің келесідей бастапқы бағалауын жасады:

Жіктеу және бағалау

Амортизацияланған құны бойынша есептелген қарыздар мақсаты негізгі қарыздың өтелмеген бөлігіне қарыздың негізгі сомасы мен пайыздарының есебіндегі бірыңғай төлемдер болып табылатын ақшалай ағымдардың қарастырылған келісім-шартын алу болып табылатын бизнес-үлгілер аясында ұсталады. Сәйкесінше, бұл қаржылық активтер ХҚЕС (IFRS) 9 өткеннен кейінгі өтелген құн бойынша есепке алынатын болады.

Барлық өзге де қаржылық активтер мен қаржылық міндеттер ХҚЕС (IFRS) 39 «Қаржылық құралдары: тануға және бағалауға» сәйкестіктегідей сол негізде көрінетін болады.

Жоғарыда берілген 2017 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық активтері мен міндеттерін талдау сол күнде болған деректер мен міндеттер негізінде жасалды. Топтың қаржылық активтері мен міндеттерін қайта жіктеу мен бағалау бөлігінде айтарлықтай өзгерістер күтілмейді.

Құнсыздану

Топ өзінің сауда дебиторлық берешегіне қатысты барлық мерзімдегі күтілетін кредиттік шығындарда мойындауда болатын жеңілдетілген жолды қолдануды жоспарлайды.

Қаржылық активтерге қатысты күтілетін кредиттік шығындар, бастапқы тану күнінен бастап осы құралдар бойынша кредиттік тәуекелді айтарлықтай көтеру орын алады ма, соған қатысты барлық мерзімге немесе он екі айға мойындалады.

Құнсызданудың жаңа үлгісі өзге де жиынтық табыстар арқылы амортизацияланған құн бойынша бағаланған қаржылық активтерге қатысты күтілетін кредиттік шығындарды тануды талап етеді.

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша, Топ күдікті дебиторлық берешек және ақшалай қаражат пен оның баламалары бойынша резервті біршама көтеру күтіледі.

**ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен келісім-шарт бойынша ақшалай түсім»**

Топ жүк вагондарын жалға беруден түскен табыстармен байланысты маңызды байланыстарды талдады.

Топ басшылығы ХҚЕС (IFRS) 15 бастапқық қолдану барысында өтудің өзгертілген ретроспективті әдісін қолдануды жоспарлайды, алайда, кесімді шешім әлі қабылданған жоқ.

Бастапқы бағалау бойынша, Топ басшылығы ХҚЕС (IFRS) 15 қолдану кезінде түскен ақшалай түсім сомасын тануға айтарлықтай әсер ету күтілмейді.

**ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалға беру»**

Топ басшылығы ХҚЕС (IFRS) 16 қабылдаудың болашақта активтер мен міндеттемелер сомасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін екендігін күтеді, сонымен байланысты, Топ жалға беруші болып табылатын жалға берудің барлық келісім-шарттары есептілікте танылатын болады. Дегенмен, нақты талдауға дейін ХҚЕС (IFRS) 16 қолданудың әсерін бағалау мүмкін деп танылмайды.

Топ шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттарды, түзетулімдерді немесе мәлімдемелерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

**Дайындау негіздері**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңгеде (бұдан әрі - «мың теңге») берілді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, төменде айқындағандай, әр есептік күндегі әділ құн бойынша есепке алынатын кейбір қаржылық құралдарды есепке алмағанда, тарихи құн бойынша есепке алу ұстанымдарына сәйкес дайындалды.

Тарихи құн, әдетте, тауар мен қызметтерге айырбастауға берілген сыйақының әділ құны негізінде анықталады.

Әділ құн активті сату кезінде алынуы мүмкін немесе, ол баға тікелей бағаланғанына немесе бағалаудың басқа әдісін қолданатын есептік жолмен алынғанына тәуелсіз, бағалау күніндегі нарық қатысушылары арасындағы қалыпты мәмілелер аясындағы міндеттемелерді беру кезінде төленуі мүмкін болатын бағаны көрсетеді. Активтің немесе міндеттемелердің әділ құнын бағалау кезінде Топ актив пен міндеттеме сипаттамасын есепке алады, егер нарық қатысушылары бағалау күнінде активтердің немесе міндеттемелердің бағасын қалыптастыру кезінде осындай сипаттамаларды есептесе. Әділ құнды бағалауға қатысты әділ құн және/немесе ақпаратты жариялау бойынша бағалау жүргізу үшін осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі әділ құн, ХҚЕС (IFRS) 2 қолдану саласына жататын жеке меншік үлестік құралдардың, ХҚЕС (IAS) 17 қолдану саласына жататын лизингтік операциялардың, сонымен қатар, әділ құнмен салыстырылатын, дегенмен, сонымен қатар әділ құн болып табылмайтын, мысалы, ХҚЕС (IAS) ықтимал жүзеге асырудың таза құны немесе ХҚЕС (IAS) 36 қолданылатын құндылық сияқты бағалардың негізінде төлемдері бар мәмілелерді есепке алмағанда, жоғарыда аталған тәсілдермен анықталады.

Бұдан басқа, қаржылық есептілікті дайындау мақсаты үшін әділ құнды бағалау әділ құнның сатыластығы негізінде жіктеледі (1, 2 немесе 3-деңгей). Деңгейлер нарықтық деректер негізінде әділ құнды тікелей анықтау мүмкіншілігімен сәйкес келеді және жалпы әділ құнды бағалау барысында пайдаланылатын бастапқы деректердің мәнін көрсетеді:

- 1 Деңгейдің бастапқы деректері өзімен Топтың бағалау күніне рұқсаты бар ұқсас активтердің немесе міндеттемелердің белсенді нарықтарына түзетулерді талап етпейтін кесімді бағаларды білдіреді;
- 2 Деңгейдің бастапқы деректері 1 Деңгей үшін белгіленген, бірақ нарықтағы активтерге немесе міндеттемелерге арналған қадағаланатын, не болмаса жанама кесімді бағалар болып табылмайды; және
- 3 Деңгейдің бастапқы деректері өзімен актив немесе міндеттеме жөніндегі қадағаланбайтын бастапқы деректерді білдіреді.

Қазақстан Республикасының аймағында тіркелген Компания және оның еншілес ұйымдары ХҚЕС сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді, шетелдік еншілес ұйымдар өз жұмыстарын жүзеге асыратын елдің талаптарына сәйкес есептілік жасайды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік ХҚЕС сәйкес жүргізу мақсатында сәйкесінше бағыты дұрысталған Компаниялар мен оның шоғырландырылған кәсіпорындарының бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде дайындалды.

**Функциональдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы**

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі жекелеген компанияның қызметін жүзеге асыратын экономикалық ортасының валютасында беріледі (оның функционалдық валютасы). Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін Топ әрекетінің шоғырландырылған нәтижелері мен шоғырландырылған қаржылық жағдайы Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының функционалдық валютасы және осы шоғырландырылған қаржылық есептілік беру валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгеде (бұдан әрі - «теңге») көрсетіледі. Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V. еншілес кәсіпорнының функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылады.

Теңге Қазақстан Республикасынан тыс аймақтарда толығымен конверсиялайтын валюта болып табылады. Шетел валюталарындағы операциялар оны жасау күнінде Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген нарықтық бағам бойынша есептеледі. ҚҚБ сессиясындағы саудалар жүргізілмеген шетел валюталары бойынша валюталарды айырбастау бағамдарын «REUTERS» ақпараттық агенттіктердің арналары бойынша алынған баға кесімдеріне сәйкес АҚШ долларына есептегендегі кросс-бағамдарды қолданумен Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі есептейді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті беру мақсаты үшін Топ қызметінің шетелдік бөлімшелеріне жататын активтері мен міндеттемелері есептік күнде болған бағам бойынша теңгеде есептеледі. Кірістер мен шығындар баптары, егер осы кезең бойында айырбастау бағамдары айтарлықтай өзгермесе, сол кезеңдегі орташа айырбастау бағамдары бойынша есептеледі, олай болмаған жағдайда келісім жасалған күндегі айырбастау бағамдары пайдаланылады. Туындаған бағамдық айырмашылықтар басқа да жиынтық кірісте мойындалады және жеке капиталында жинақталады (сонымен қатар олар бақыланбайтын үлесте тиісінше бөлінеді).

Шетелдік валютада берілген ақшалай активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай жайлы шоғырландырылған есеп дайындау күнінде болған бағам бойынша есептеледі. Операция жасалған күннен кейінгі айырбастау бағамдарын өзгерту нәтижесінде туындаған барлық бағамдық айырмашылықтар кірістер мен шығындарда көрінеді.

Әділ құн бойынша көрінетін шетелдік валюталардағы ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды анықтау күнінде болған бағам бойынша теңгеде есептеледі. Шетелдік валютадағы тарихи құн бойынша көтінген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер есептелмейді.

**Шоғырландыру принциптері**

Шоғырландырылған қаржылық есептілік өзіне тізімі 24 Ескертуде берілген Компания мен еншілес ұйымдардың есептілігін қамтиды.

Еншілес ұйымдар Топқа бақылауға өткен сәттен бастап шоғырланады және Топ бақылауынан шыққан кезден бастап шоғырлануды тоқтатады. Топтың еншілес ұйымдарды иеленуі сатып алу әдісі бойынша көрінеді. Топ ішіндегі есептер бойынша барлық операциялар, теңгерімдер және жұмсалмаған табыстар немесе шығындар жоққа шығарылды.

**Тауарлық-материалдық қорлар**

Тауарлық-материалдық қорлардың негізгі бөлігі, сауда операциялары емес, жылжымалы құрамды пайдалануды қамтамасыз ету үшін, дайын өнімді (жүк вагондарын) дайындау үшін шаруашылық әрекет процесінде қолданылады.

Тауарлық-материалдық қорлар сатылымның өзіндік құнының немесе таза құны мәнінен ең азы бойынша бағаланды. Өзіндік құн өзіне жеткізілумен және қорларды ағымдағы жағдайға жеткізумен байланысты жұмсалған шығындарды қамтиды. Сатудың таза құны өзімен аяқтауға жұмсалған шығындарды және сатуға жұмсалған бағалау шығындарын шығарғандағы қалыпты әрекет барысындағы қорларды сату бағасын бағалауды білдіреді.

**Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар**

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар, жинақталған тозу мен құнсызданудан жинақталған шығындарды алып тастағандағы, олардың бастапқы құны не болмаса негізгі құны бойынша көрінеді.

Сатып алынған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құны өзімен сәйкес активтерді сатып алу кезінде төленген, сонымен қатар активтерді нысанға жеткізу мен олардың жоспарланған пайдалануына қажетті дайындықты жүзеге асыру кезінде жұмсалған құралдардың құнын білдіреді.

Компанияның жеке құрылыс нысандарының құны өзіне материалдарды салу барысында барлық пайдаланылған құнды, жоба бойынша тікелей еңбек шығындар мен қаржыландыру бойынша тікелей жобаға жататын шығындарды, сонымен қатар белгілі шамаластықтағы ауыспалы және тұрақты жүкқұжаттық шығындарды қамтиды. Нысан жоспарланған пайдалануға дайын болған бойда шығындарды капиталдандыру тоқтатылады.

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың нысанын тану ол шыққаннан кейін немесе оны пайдаланудан немесе шығуынан болашақта экономикалық пайдалар алу күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Негізгі қаражатты тануды тоқтату жағдайында туындайтын кез келген кірістер немесе шығындар (негізгі қаражаттың шығуынан және есептік құнынан таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) кірістер мен шығындар және негізгі қаражаттарды мойындауды тоқтату түскен сол есептік кезеңдегі басқа да жиынтық табыстар жайлы есепке қосылады.

Активтің есептік құны, пайдалы қызмет мерзімі мен әдісі әр қаржылық жылдың аяғында қажет болғанда қайта қаралады және түзетіледі.

Одан кейінгі шығындар

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың нысанындағы одан кейінгі шығындар болашақ экономикалық кірістер алу ықтималдығы болған жағдайда капиталданады және ондай шығындар Топтың есеп саясатына сәйкес дәлдіктің жеткілікті деңгейімен есептелген немесе бағаланған болуы мүмкін.

Ірі техникалық тексеруге жатпайтын жөндеуге және қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар сияқты барлық басқа да одан арғы шығындар туындау кезіндегі шығындарға жатады.

Тозу

Тозу есептік және салыстыру кезеңдерінің аяғында жарамды болатын активтердің пайдалы қызметінің есептік мерзімінен шыға отырып, тура әдіс негізінде есептеледі.

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құнсыздануы

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың есептік құны олардың орнын толтыру құнын көтеретін құны бойынша есепке алынған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың нысандарын анықтау үшін әр есептік күнге талданады. Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың есептік құны олардың есептік құнын көтерген жағдайларда жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құны орнын толтыру құнына дейін азаяды. Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың орнын толтыру құны өзімен сатудың таза құнының және пайдалы қолдану құнының мәндерінен көбіректі білдіреді. Пайдалы қолдану құнын бағалау кезінде болашақ кезеңдердің есептелген ақша ағымдары уақытша факторды, сонымен қатар тапсырылған активпен байланысты тәуекелдерді есепке алумен қаржыландыру құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салуға дейінгі шегеру мөлшерлемесін пайдаланумен келтірілген құнға дейін шегереді.

Аяқталмаған құрылыс

Топтың жеке құрылыс нысандарының құны өзіне құрылыс барысында барлық пайдаланылған материалдардың, жоба бойынша тікелей еңбек шығындары мен қаржыландыру бойынша тікелей жобаға қатысты шығындардың, сонымен қатар белгілі шамаластықтағы ауыспалы және тұрақты жүктемелік шығындардың құнын қамтиды. Нысан жоспарланған пайдалануға дайын болған бойда шығындарды капиталдандыру тоқтатылады.

**Капитал**

Акционерлік капитал

Қарапайым акциялар акционерлік капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акциялар шығаруға тікелей жататын сыртқы шығындар, ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа, капитал түсімдері сомасынан шығару түрінде көрсетілді. Шығарылған акциялардың нақтылы құнының үстінен алынған құралдардың әділ құнының кез келген көтерілуі қосымша төленген капитал ретінде түсініледі.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттеме ретінде түсініледі және, егер олар есептік күнді қосқанға дейін хабарланса, осы жағдайда ғана есептік күнге капитал сомасынан шығарылады. Дивидендтер жайлы ақпараттар шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады, егер олар есептік күнге дейін ұсынылса, сонымен қатар есептік күннен кейін, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін, ұсынылады немесе хабарланады.

**Кірістер мен шығындарды тану**

Кірістерді тану

Кірістер Топтың белгілі экономикалық пайда алу мүмкіншілігі қандай болса, сол шамада танылады және кірістер алынған немесе алуға тиесілі сыйақының әділ құны мөлшерінде есептелуі мүмкін.

Вагондарды жалға беруден түскен кірістер

Вагондарды жалға беруден түскен кірістер операциялық жалға беру ретінде топтастырылады және жүк вагондарының жалға берілген тәулігінің нақты саны негізінде танылады. Операциялық жалға беруден түскен кіріс жалға беру мерзімі бойына біркелкі танылады. Операциялық жалға беру және оны рәсімдеу келісім-шартының шарттарымен келісумен байланысты бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің есептік құнына қосылады және жалға беру мерзімі бойында біркелкі танылады.

Шығындарды тану

Шығындар олар жататын кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептемеге енгізілген және көрінген кезде танылады.

**Салықтар**

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы және бұдан бұрынғы кезеңдердегі салықтық активтер мен міндеттемелер күтілетін сома бойынша бағаланады, салық органдары орнын толтыратын немесе салық органдарына төлейтін болады. Сомаларды есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салықтық заңнама өзімен қаржылық жағдай жайлы шоғырландырылған есеп жасау күнінде іске қосылған немесе айтарлықтай әрекетке қосылған салықтардың мөлшерлемелері мен заңнаманы білдіреді.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық - бұл салық салынатын кірісті есептеу үшін қолданылатын және міндеттеме әдісі бойынша есептелетін шоғырландырылған қаржылық есептемеде және қолданыстағы салықтық базадағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны арасындағы айырмашылықтар сомасында төленетін немесе орны толтырылатын салық.

Кейінге қалдырылған салық салынатын кірістерді есептеу кезінде қолданылатын шоғырландырылған қаржылық есептемеде және салықтық есептің сәйкес деректерінде көрінетін активтер мен міндеттердің есептік құндары арасындағы уақытша айырмашылықтарға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттер, әдетте, барлық салынатын уақытша айырмашылықтарды есепке алумен көрінеді. Кейінге қалдырылған салықтық активтер қолдану үшін болашақ салық салынатын теңгерімдік кірісте осы уақытша айырмашылықтардың болуының жоғары ықтималдығы жағдайында барлық шегерілген уақытша айырмашылықтарды есепке алумен көрінеді. Салықтық активтер мен міндеттер шоғырландырылған қаржылық есептемеде көрінбейді, егер уақытша айырмашылықтар гудвилмен байланысты болса немесе салық салынатын да, бухгалтерлік кіріске де әсер етпейтін мәмілелер аясындағы (бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілелерден басқа) басқа активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану салдарының туындаса.

Кейінге қалдырылған салықтық активтердің есептік құны әр есептік күнде бағаланады және кейінге қалдырылған салықтық активтің барлық көлемі немесе бөлігі қарсы қолданылуы мүмкін жеткілікті салық салынатын кіріс алынады деген ықтималдық жоқ дәрежеде азаяды. Танылмаған кейінге қалдырылған активтер қаржылық жағдай жайлы шоғырландырылған есеп жасаудың әр күнінде қайта қаралады және болашақ салық салынатын кірістің кейінге қалдырылған салықтық активті қалпына келтіруге мүмкіндік беретін мүмкіншілігі болатын көлемде танылады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер қолданыстағы немесе қаржылық жағдай жайлы сәйкес шоғырландырылған есеп күнінде іске асырға енгізілген салықтық мөлшерлемелерді (және салықтық заңнаманы) негізге ала отырып, активті сатқан немесе міндеттерді өтеген кезеңге қолданылатын салықтық мөлшерлемелер бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер, егер ағымдағы салықтық міндеттемелерге қарсы ағымдағы салықтық активтерді өзара есепке алуға заң бойынша толық құқығы бар болса, өзара есептеседе және кейінге қалдырылған салықтар бір ғана салық салу ұйымына және бір ғана салық органына жатады.

Кіріске ағымдағы салық пен кейінге қалдырылған салық, олардың өзге де жиынтық табысының немесе жеке капиталы құрамында тікелей көрінетін баптарына жататын жағдайлардан басқа, кірістерінде немесе шығындарында танылады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар тағы өзге де жиынтық табыста немесе тікелей капиталда сәйкесінше танылады. Ағымдағы немесе кейінге қалдырылған салық бизнесті біріктіру жөніндегі бастапқы мәмілені есепке алу нәтижесінде туындаған жағдайда салықтық әсер осы мәмілелерді есепке алу кезінде көрінеді.

**Жалға беру**

Меншік құқығынан шығатын барлық маңызды тәуекелдер мен пайдалар жалға алушыға өтетін жағдайлар жөніндегі жалға беру келісім-шарттары қаржылық жалға беру ретінде жүйеленеді. Жалға берудің барлық өзге келісім-шарттары операциялық жалға беру ретінде жүйеленеді.

**Резервтер**

Резервтер шоғырландырылған қаржылық есептемеде Топтың бұрын болған оқиғалар нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе іс жүзінен шығатын) міндеттемесі болғанда, сонымен қатар міндеттерді өтеу үшін экономикалық пайдалармен байланысты құралдардың жылыстау ықтималдығы болғанда көрінеді және осы міндеттемені сәйкесінше шынайы бағалау жасалуы мүмкін. Егер ақшалардың уақытша құнының әсері маңызды болып табылса, қорлар ақшалардың уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасында көрінетін және бұл орынды міндеттемеге тән тәуекелдерде, салық салуға дейінгі мөлшерлеме бойынша ақшалардың күтілетін болашақ қозғалысын дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттауды пайдалану барысында уақыттың өту салдарынан қордың ұлғаюы пайыз бойынша шығын ретінде танылады.

**Қаржы құралдары**

Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, Топ сәйкес қаржылық құралға қатысты келісім-шарт бойынша тарап болған кезде, Топтың қаржылық жағдайы жайлы шоғырландырылған есепте көрінеді.

Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттерді сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты транзакциялық ұсталымдар (кірістер немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша көрінетін қаржылық активтер мен қаржылық міндеттерден басқа) бастапқы тану барысында қаржылық активтер мен қаржылық міндеттердің әділ құнын сәйкесінше ұлғайтады немесе азайтады. Кірістер немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша көрінетін қаржылық активтер мен қаржылық міндеттерді сатып алумен тікелей байланысты транзакциялық ұсталымдар кірістерге немесе шығындарға тікелей жатады.

**Қаржылық активтер**

Қаржылық активтер келесі санаттарға жіктеледі: кірістер немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша («КШАӘҚ»); өтелгенге дейін ұстау («ӨДҰ»); сатылым үшін бар болуы («СҮББ»); сонымен қатар қарыздар мен дебиторлық борыштылық. Қаржылық активтердің сол класқа жатуы оларды есепке қабылдау сәтінде сатып алу және орын алу олардың ерекшеліктері мен мақсаттарына қатысты болады.

**Пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісі**

Пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісі сәйкес кезеңдегі борышкерлік міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу мен пайыздық кірістерді бөлу үшін қолданады. Пайыздың тиімді мөлшерлемесі - бұл борышкерлік құралды есепке қабылдау сәтіне борышкерлік құралдыөтегенге дейінгі күтілетін мерзімге немесе (егер қабылданған болса) есептік күнға дейінгі анағұрлым қысқа мерзімге күтілетін болашақ ақшалай түсімдердің мөлшерлемесі (ТПМ, мәмілелер мен басқа да сыйақыларды немесе шегерістерді рәсімдеу жөніндегі шығындардың ажырамас бөлігі болып табылатын борышкерлік құрал бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді қоса алғанда).

Борышкерлік құралдар бойынша кірістер, кірістер мен шығындар арқылы әділ құн бойынша көрінетін қаржылық активтерді есепке алмағанда, пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі бойынша көрінеді.

**Өтелгенге дейін ұсталған инвестициялар**

Топ өтелгенге дейін ұстауға ниетті және мүмкіншілігі бар өтеудің белгіленген немесе анықталған төлемдерде және белгіленген мерзімде туынды емес қаржылық активтер өтелгенге дейін ұсталатын санатындағы қаржылық активтермен танылады. Өтелгенге дейін ұсталған инвестицияларды есепке қабылдаудан кейін құнсызданған қорды шығарғандағы пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісін пайдаланумен тозу құны бойынша есепке алынады.

**Берілген қарыздар және дебиторлық берешек**

Қарыздар мен дебиторлық берешек - бұл активтік нарықта сұранысқа ие емес белгіленген немесе анықталатын төлемдері бар туынды емес қаржылық активтер. Қарыздар мен дебиторлық берешек (сауда және өзге де дебиторлық берешекті қоса есептегенде) құнсыздықты шығарғандағы пайыздың тиімді мөлшерлемесі бар тозу құны бойынша есептеледі. Пайыздық кіріс, пайыздық кіріс болмашы болып табылатын қысқа мерзімдік дебиторлық берешекті есепке алмағанда, пайыздың тиімді мөлшерлемені қабылдау жолымен танылады.

**Қаржылық активтердің құнсыздануы**

Қаржылық активтер, кіріс немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санат активтерін есепке алмағанда, әр есептік кезеңнің аяғындағы құнсыздану мәніне бағаланады. Қаржылық активтер оны есепке алғаннан кейін орын алатын бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде актив бойынша болжанған болашақ ақша ағымдарының азаюы жайлы куәландыратын дәлелді деректері болғанда құнсызданған деп есептеледі.

Құнсызданудың дәлелді куәгері келесілер болуы мүмкін:

- эмитенттің немесе контрагенттің маңызды қаржылық қиындықтары;
- келісім-шарттың бұзылуы, мысалы, қарыздың пайызын немесе негізгі сомасын төлеуден бас тарту немесе жалтару;
- қарызгердің банкроттығы немесе қаржылық қайта ұйымдасуының жоғары ықтималдығы;
- қаржылық қиындықтардың себебінен осы қаржылық актив үшін белсенді нарығының жоғалуы.

Қарыздар мен дебиторлық берешек, жекелеп құнсызданған деп танылмаған активтер сияқты қаржылық активтердің жекелеген санаттары үшін қоржын бойынша жалпы құнсыздану мәніне де бағаланады. Қарыздар мен дебиторлық берешек қоржын құны төмендеудің дәлелді белгісі берешекті өндіріп алу, Топтың келісім-шартымен белгіленген орташа мерзімі бойынша (60 күн) қоржын бойынша берешекті өтеу барысындағы кешеуілдеулер санының ұлғаюы, сонымен қатар, әдетте, төлем бойынша дефолтпен бірге жүретін ұлттық және жергілікті экономикадағы сезілетін өзгерістер бойынша Топтың бұрынғы тәжірибесі қызмет етуі мүмкін.

Құнсызданудан тозу құны, шығын мөлшері бойынша есептелетін қаржылық активтер үшін активтің есептік құны мен қаржылық актив бойынша бастапқы пайыздың тиімді мөлшерлемені қолданумен шегерілген болжанған болашақ ақша ағымдарының ағымдағы құны арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

Сатып алу құны, құнсызданудан келген шығын бойынша есептелген қаржылық активтер үшін ұқсас қаржылық активке арналған ағымдағы нарықтық пайыздық мөлшерлемені қолданумен шегерілген активтің есептік құны мен ұсынылған болашақ ақша ағымдарының ағымдағы құны арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

Құнсызданудан келген шығындар, қорды қалыптастыру есебінен жүзеге асырылатын қарыздар мен дебиторлық берешекті, құнның төмендеуін есепке алмағанда, барлық қаржылық активтердің есептік құнын тікелей азайтады. Сенімсіз деп алыған жағдайда, қарыздар мен дебиторлық берешек қор есебінен шығарылады. Бұрынғы есептен шығарылған сомаларды орнына келтірудің алынған салдары қор есебін несиелендіреді. Қорларды өзгерту кірістер мен шығындарда көрінеді.

Егер келесі кезеңде тозу құны бойынша есептелген қаржылық активтің құнсызданууынан келген шығын азайса, және мұндай азаю құнсыздануды танудан кейін орын алған оқиғаға шынайы түрде бекітілген болуы мүмкін, онда құнсызданудан бұрын көрінген шығын кірістер немесе шығындар есебі арқылы қалпына келтіріледі. Сонымен бірге құнсызданудан келген шығында қалпына келтіру күніндегі қаржылық активтердің есептік құны, құнсыздану нойындалмаған жағдайда көрінетін тозу құнынан жоғары болмайды.

**Қаржылық активтерді тануды тоқтату**

Топ қаржылық активтерін тануды ол бойынша немесе қаржылық активті және басқа тараптың сәйкес тәуекелдері мен пайдаларын беру жағдайында ақша ағымдарына келісім-шарттық құқықтарды тоқтатқан жағдайда ғана тоқтатады. Егер Топ активтерді иеленудің барлық тәуекелдері мен пайдаларын бермесе және сақтамаса және берілген активті бақылауды жалғастырса, онда ол өз үлесін осы активтегі және онымен байланысты ықтимал міндеттемелерде көрсеруді жалғастырады. Егер Топ қаржылық актив берген иеліктің іс жүзіндегі барлық тәуекелдер мен пайдаларды сақтаса, ол осы қаржылық активті есепке алуды жалғастырады, ал қаржыларды бері барысында алынғандар қамтамасыз етілген қарыз түрінде көрінеді.

Қаржылық активті толық есептен шығару кезіндегі активтің есептік құны мен алынған және алуға тиесілі сыйақы сомасы арасындағы айырмашылық, сонымен қатар басқадай жиынтық кірісте танылған жиынтық кіріс пен шығын капиталда жинақталды, кіріске немесе шығынға жатады.

Егер қаржылық активті тану толық емес түрде танылса (мысалы, Топ өзіне берілген активтін бөлігін сатып алу мүмкіншілігін сақтағанда), Топ жалғасып жатқан қатысу аясында ол тануды жалғастыратын бөлігі мен, беру күнінде осы бөліктердің әділ құнының салыстырмалы мәндерінен шыға отырып, ол одан әрі танылмайтын бөлігімен арадағы осы қаржылық активтің алдыңғы есептік құнын бөледі. Есептен шығарылған бөлікке бөлінген есептік құн мен есептен шығарылған бөлік үшін сыйақы алған сома, сонымен қатар басқадай жиынтық кіріске танылған оған кез келген жиналып бөлінген кірістер немесе шығындар арасындағы айырмашылық кіріске немесе шығынға жатады. Басқадай жиынтық кіріске танылған кірістер немесе шығындар әділ құнға, ұсталған және есептен шығарылған бөлікке мөлшерлес бөлінеді.

**Шығарылған қаржылық міндеттемелер және үлестік құралдар**

Міндеттеме немесе капитал ретіндегі жіктеу

Топ кәсіпорыны шығарған қарыздық және үлестік қаржылық құралдары сәйкес келісім-шарт мәнінен, сонымен қатар қаржылық міндеттеме мен үлестік құрал анықтамаларынан шыға отырып, қаржылық міндеттеме немесе капитал ретінде жіктеледі.

Үлестік құралдар

Үлестік құрал - бұл оның барлық міндеттемелерін шегергеннен кейінгі компания активтерінің үлесіне құқықты растайтын кез келген келісім-шарт. Топ шығарған үлестік құралдар, оларды шығаруға жұмсалған тікелей шығындарды алып тастағанда, ол бойынша түсімдер мөлшерінде көрінеді.

Компанияның жеке үлестік құралдарын сатып алу капиталдан тікелей шығарылады. Компанияның жеке акцияларын сатып алу, сату, шығару немесе жою нәтижесінде туындайтын кірістер немесе шығындар кірістердің немесе шығындардың құрамында көрінбейді.

Қаржылық міндеттер

Қаржылық міндеттенелер не болмаса кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша (КШАӘҚ) қаржылық міндеттер ретінде, не болмаса басқадай қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

**Өзге қаржылық міндеттемелер**

Өзге қаржылық міндеттемелер, қарыздарды қоса алғанда, сауда және басқадай кредиторлық берешек транзакциялық усталымдарды шығарып тастағандағы әділ құн жөніндегі есепте көрінеді. Одан әрі, басқадай қаржылық міндеттемелер пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісін қолданумен тозу құны бойынша бағаланады.

**Кейінгі оқиғалар**

Есептік жыл аяқталғаннан кейін орын алған және есептік күндегі Топтың қаржылық жағдайы жайлы қосымша ақпараты бар оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрінеді. Есептік жыл аяқталғаннан кейін орын алған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар маңызды болса, шоғырландырылған қаржылық есептілікке берілген ескертулерде ашылады.

## 5. МАҢЫЗДЫ ЖОРАМАЛДАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУДАҒЫ ТҰРЛАУСЫЗДЫҚ КӨЗДЕРІ

4 Ескертуде сипатталғандай, Топтың есеп саясатын қолдану процесінде басшылық басқа көздерден айқын болып табылатын активтер мен міндеттемелердің есептік құнына қатысты болжам, бағалау және жорамал жасауы қажет. Бағалау мәні мен олардың негізінде жатқан жорамалдар бұрынғы тәжірибеден және нақты жағдайларда орынды деп саналатын өзге де факторлардан шыға отырып қалыптасады. Деректі нәтижелер осы бағалаулардан айрықшалануы мүмкін.

Бағалаулар және олармен байланысты жорамалдар уақытылы қарастырылып отырады. Егер өзгеріс сол кезеңге ғана, не болмаса бағалау қайта қаралған кезеңге және болашақ кезеңдерге әсер етсе, егер өзгеріс ағымдағыларға да, болашақ кезеңдерге де әсер етсе, бағалаулардағы өзгерістер бағалау қайта қаралған кезеңде көрінеді.

**Бағалаулардағы тұрлаусыздықтың негізгі көздері**

**Бақылау анықтамасы**

2016 ж. сәуірде «Қазтеміртранс» АҚ тұлғасындағы Топ пен «ЗИКСТО» ЖШС арасында қаржылық сауықтыру мақсаттарында 2017 ж. 31 желтоқсанына дейін әрекет ету мерзімі бар «Қазақстандық вагон құрылысы компаниясы» ЖШС еншілес ұйымының жарғылық капиталына қатысу үлесі 69.94% сенімді басқару келісім-шартына қол қойды. 2017 ж. бойында Топ «ЗИКСТО» ЖШС агент болып табылатындықтан және қаржылық және операциялық қызметтерді басқару өкілеттілігіне ие болмағандықтан, Топ мүдделерінде оған шешімін қабылдаудың делегат жіберу құқығына жүзеге асыра отырып, «Қазақстандық вагон құрылысы компаниясы» ЖШС бақылауды жалғастырды.

**Активтердің құнсыздануы**

Топ әр есептік күнге жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың есептік құнының құнсыздану индикаторларының болуына тексеру жүргізеді.

Активтің құнсыздану индикаторларының болуын анықтау теміржол индустриясының күтілетін өсуіндегі өзгеріс, болжанған ақша ағымдары, болашақтағы қаржыландыру қолжетімділігінің өзгеру, технологиялық ескіру, қызметтер көрсетуді тоқтату, сонымен қатар ауыстыруға жұмсалатын ағымдағы шығындар сияқты факторлардың көп мөлшеріне негізделеді.

Осындай индикаторлар болған жағдайда, активтің төленген құны бағаланады және активтің есептік құнымен салыстырылады. Егер есептік құн активтің төленген құнынан жоғары болса, құнсыздану танылады. Төленген құн екі мәннің - іске асыруға жұмсалған шығындарды шегергендегі активтің әділ құны мен қолдану құнының - көбірегі ретінде анықталады. Қолдану құнын есептеу барысында ақшалай қаражаттың Топ басшысының пікірі бойынша, ақшалардың уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалау және активтерге тиесілі тәуекелдіктерді көрсететін капиталдың орташа өлшенді құны базасында (WACC түзетілген мөлшерлемесі) есептелген салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемесін қолдана отырып, есептік болашақ ағымдары олардың ағымдағы құнына дейін шегеріледі.

Құнсыздану индикаторларының болуынан Топ 2017 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құнсыздануына тест жүргізді. 2018 ж. тариф көтеруді есептеуге қолданылған өзекті ұзақ мерзімді болжамдармен және құнсызданудың болжамдық көрсеткіштеріне содан кейінгі жылдардағы өсуімен орташа 23%. Тест жүргізу күніндегі операциялық қызметке қолданылған және үлгіге қойылған вагондар саны 54,003 дананы құрады. Дисконттаудың салыққа дейінгі мөлшерлемесі 12,63% құрады. 2017 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жүргізілген тест нәтижелері бойынша құнсыздану анықталған жоқ.

Сонымен қатар, қолдану құндылығын есептеу келесідей болжамдарға сезімтал: дисконттау мөлшерлемесі, активтерді ұстауға және қызметті жалғастыруға жұмсалатын шығындардың жеткіліктілігі. Ел экономикасындағы жалпы тенденциялармен, құнсыздану деңгейіне тарифтердің индекстеуінің жеткіліксіздігімен, шетел валюталарына теңге бағамының жалғасып келе жатқан құбылмалылығымен байланысты жүк айналымы өсудің жоспарланған қарқындарындағы негативті өзгерістер, мемлекеттік қолдау деңгейінде, сонымен қатар болашақта өзге де факторлардағы негативті өзгерістер осындай өзгерістер орын алып жатқан кезеңдердегі құнсызданудан айтарлықтай шығындардың туындауына алып келуі мүмкін.

**Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың тозуы**

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың тозуы активтердің пайдалы қызмет көрсету мерзімі бойынша тура әдіс негізінде есептеледі. Топ өз активтерінің пайдалы қызметінің мерзімін анықтайды. Тарау құны бар пайдалы қызметтің болжанған мерзімдерімен байланысты бағалаулар, сонымен қатар, тозуды есептеу әдістері әр есептік күнде қайта қаралады және қажет болған жағдайда түзетіледі. Кез келген өзгертулер есептік бағалаулардағы секілді болашағы бар деп есептеледі. Активтердің пайдалы қызмет мерзімдері мен тарау құнына қатысты бағалар күтілетін қолдануға, жөндеу және қолдау жөніндегі бағдарламаларға, қызмет көлемдеріне, технологиялардың жетілуіне және әрекеттердің өзге де жағдайларына қатысты болады. осы бағалаулардың өзгеруі нәтижесінде тозу сомасы алдыңғы жылдарда көрінген сомалардан айтарлықтай айырмашылықта болуы мүмкін.

Топ қолданатын пайдалы қызметтің бағалау мерзімдері төменде (жылдарға) берілді:

| | |
|---|---|
| Ғимараттар мен құрылыстар | 10-140 |
| Машиналар мен жабдық | 3-59 |
| Қозғалыстағы құрамы | 10-40 |
| Өзгедей көлік | 4-15 |
| Өзгедей жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар | 2-20 |

**Кейінге қалдырылған активтерді төлеу мүмкіншілігі**

Топ басшылығы, кейінге қалдырылған салық активтері 50% астам ықтималдықта толықтай жүзеге асатындықтан, есептік күндегі кейінге қалдырылған салық активтерге қатысты қор құру қажеттілігінің жоқтығына сенімді. Кейінге қалдырылған салық активтерінің 2017 ж. 31 желтоқсанында және 2016 ж. есептік құнында сәйкесінше 43,471,877 мың теңге және 45,312,572 мың теңгені құрады.

**Резервтер**

Топ басқа ұйымдардан дебиторлық берешекке қатысты күдікті қарыздар бойынша резервтер жасайды. Маңызды пайымдар күдікті қарыздарды анықтау барысында қолданады. Күдікті қарыздарды анықтау барысында сатып алушылардың тарихи және күтілетін тәртібі қарастырылады. Экономикадағы өзгеріс немесе сатып алушының жеке шарты осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі күдікті берешектік бойынша резервті түзетуді талап етуі мүмкін.

Салық салудың қазақстандық жүйесімен байланысты шартты міндеттемелер

Түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар барлық кезде бірдей түсінікті жазылған жоқ, және олардың талданымы жергілікті салық инспекторлары мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің пікіріне қатысты болады. жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлердің алшақтығы  сирек жағдайлар емес. Қазақстандық заңдардың, қаулылар мен стандарттардың мәлімделген және анықталған бұзылуларына қатысты айыппұлдар мен өсімпұлдардың қалыптасқан режимі мейлінше қатал. Санкциялар даулы сомаларды (валюталық ретке келтіруді бұзғаны үшін) тәркілеуді, сонымен қатар қосымша есептелген салықтың, әдетте, 50% мөлшерінде айыппұлды қосады. Өсімпұл мөлшерлемесі 22.5% құрайды. Нәтижесінде, айыппұлдар мен өсімпұлдар төмендетуге алып келетін кез келген қате есептелген салықтарды көп рет көтеретін сомаға алып келуі мүмкін.

Топ басшылығы барлық қолдануға жарамды салықтарды есептедік немесе есептеп шығардық деп есептейді. Түсінік жағдайларда Топ басшылықтың дәйекті бағалары негізінде салықтық міндеттемелерді есептеп шығарды. Топ саясаты сомасы дәлдіктің жеткілікті дәрежесімен анықталуы мүмкін шығындардың туындау ықтималдығы болатын сол есептік кезеңде резервтердің қалыптасуын ұстанады.

Кірістің кесімді (деректі) алушысы Қазақстан Республикасының басқа бейрезиденті болуы мүмкін болған жағдайда бейрезидент үшін төлем кезінде табыс салығының төмендетілген мөлшерлемесін қабылдау жағдайында тәуекелдер болуы мүмкін.

Салық салудың тиісті қазақстандық жүйесінің тұрлаусыздығынан салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасықазіргі уақыт бойынша және 2017 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша есептелген шығындарға жататын сомасы көтерілуі мүмкін. Егер мұндайлар, немесе кез келген қолайсыз шешім орын алатын болса, Туындауы мүмкін берілген талаптар сомасын іс жүзінде анықтау мүмкін емес.

*(мың теңге)*

## 6. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАБДЫҚТАР

| | Жер | Ғимараттар мен құрылыстар | Машиналар, жабдық | Теміржол көлігі | Басқа көлік | Басқа | Аяқталмаған күрделі құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Тарихи құны:** | | | | | | | | |
| 2016 ж. 1 қаңтарға | 16,059 | 5,260,459 | 9,490,279 | 479,030,843 | 334,092 | 319,557 | 1,859,589 | 496,310,878 |
| Түсті | - | 29,968 | 2,150 | - | - | 11,508 | 472,522 | 516,148 |
| Ішкі ауыстырылуы | - | 74,571 | 9,736 | - | - | 37,633 | (121,940) | - |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге аудару | - | - | (8,655) | (3,523,588) | (16,004) | (21,137) | - | (3,569,384) |
| Шығып кетті | - | - | (7,773) | (4,820,264) | (2,800) | (7,279) | (1,065,965) | (5,904,081) |
| **2016 ж. 31 желтоқсанға** | **16,059** | **5,364,998** | **9,485,737** | **470,686,991** | **315,288** | **340,282** | **1,144,206** | **487,353,561** |
| **Жинақталған тозу мен құнсыздану:** | | | | | | | | |
| 2016 ж. 1 қаңтарға | - | (459,223) | (3,551,717) | (114,195,056) | (177,369) | (143,995) | - | (118,527,360) |
| Бір жылға есептелген | - | (98,911) | (901,707) | (19,498,193) | (27,105) | (30,645) | - | (20,556,561) |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге аудару | - | - | 7,223 | 966,855 | - | 7,625 | - | 981,703 |
| Шығып кетті | - | - | 7,641 | 4,134,897 | 11,374 | 7,148 | - | 4,161,060 |
| **2016 ж. 31 желтоқсанға** | **-** | **(558,134)** | **(4,438,560)** | **(128,591,497)** | **(193,100)** | **(159,867)** | **-** | **(133,941,158)** |
| **Тарихи құны:** | | | | | | | | |
| 2017 ж. 1 қаңтарға | 16,059 | 5,364,998 | 9,485,737 | 470,686,991 | 315,288 | 340,282 | 1,144,206 | 487,353,561 |
| Аударылды | 45,412 | - | 2,628 | - | - | 1,173 | 10,121,751 | 10,170,964 |
| Ішкі ауыстырылуы | - | - | - | 10,044,482 | - | - | (10,044,482) | - |
| Тауар-материалдық қорларға аудару | - | - | - | - | - | - | (315,026) | (315,026) |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге аудару | - | (1,234,808) | (3,624,637) | (1,868,666) | (98,144) | (99,538) | - | (6,925,793) |
| Шығып кетті | - | (668) | (34,058) | (2,031,769) | (42,654) | (1,871) | (869,495) | (2,980,515) |
| **2017 ж. 31 желтоқсанға** | **61,471** | **4,129,522** | **5,829,670** | **476,831,038** | **174,490** | **240,046** | **36,954** | **487,303,191** |
| **Жинақталған тозу мен құнсыздану:** | | | | | | | | |
| 2017 ж. 1 қаңтарға | - | (558,134) | (4,438,560) | (128,591,497) | (193,100) | (159,867) | - | (133,941,158) |
| Бір жылда есептелген | - | (100,238) | (846,142) | (19,245,448) | (22,310) | (29,021) | - | (20,243,159) |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге аудару | - | 294,390 | 1,810,960 | 1,586,623 | 41,978 | 34,472 | - | 3,768,423 |
| Шығып кетті | - | 138 | 26,160 | 286,083 | 42,017 | 1,841 | - | 356,239 |
| **2017 ж. 31 желтоқсанға** | **-** | **(363,844)** | **(3,447,582)** | **(145,964,239)** | **(131,415)** | **(152,575)** | **-** | **(150,059,655)** |
| **Есептік құны 2017 ж. 31 желтоқсанға** | **61,471** | **3,765,678** | **2,382,088** | **330,866,799** | **43,075** | **87,471** | **36,954** | **337,243,546** |
| **Есептік құны 2016 ж. 31 желтоқсанға** | **16,059** | **4,806,864** | **5,047,177** | **342,095,494** | **122,188** | **180,415** | **1,144,206** | **353,412,403** |

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тозуңұлдық жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарының толықтай бастапқы құны 2,627,010 тың теңгені құрады (2016 ж. 31 желтоқсанда 3,949,451 мың теңге).

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептік құны бар Топтың жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтары 5,758,095 мың теңге Топтың қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде қолданылды (2016 ж. 31 желтоқсанда: нөл) (14 Ескерту).

## 7. ӨЗГЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

| | 2017 ж. 31 желтоқсан | 2016 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Болашақ кезеңдердегі ұзақ мерзімді шығындар | 666,223 | 138,116 |
| Басқа да ұзақ мерзімді дебиторлық берешек | 413,197 | 426,294 |
| Жеткізушілер мен мердігерлерге берілген аванстар | 138,033 | 489,019 |
| Өтеуге қосымша құн салығы | 130,846 | 965,906 |
| | 1,348,299 | 2,019,335 |
| Минус: басқа да ұзақ мерзімді активтер бойынша күмәнды берешек жөніндегі қор | (138,033) | (138,116) |
| | **1,210,266** | **1,881,219** |

## 8. ТАУАРЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

| | 2017 ж. 31 желтоқсан | 2016 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Қосалқы бөлшектер | 5,746,647 | 4,255,514 |
| Шикізат пен материалдар | 389,574 | 478,305 |
| Басқалар | 580,188 | 416,832 |
| | **6,716,409** | **5,150,651** |

## 9. БАСҚА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

| | 2017 ж. 31 желтоқсан | 2016 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Жабдықтаушыларға төленген аванстар | 6,803,481 | 928,088 |
| Басқа да дебиторлық берешек | 1,855,693 | 1,484,834 |
| Болашақ кезеңдердегі шығындар | 181,596 | 209,894 |
| | 8,840,770 | 2,622,816 |
| Минус: басқа да ағымдағы активтер жөніндегі күмәнді берешек жөніндегі қор | (1,029,577) | (849,937) |
| | **7,811,193** | **1,772,879** |

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 6,803,481 мың теңге сомасына доңғалақ жұбы мен бүтіндей жұқартылған доңғалақтар сатып алуға аванс төледі (2016 ж. 31 желтоқсаны: 100,000 мың теңге).

2017 ж. 31 желтоқсандағы және 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да ағымдағы активтер теңгеде берілді.

## 10. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| | 2017 ж. 31 желтоқсан | 2016 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Теңгемен қысқа мерзімді банк салымы | 725,453 | - |
| Банктарда АҚШ долларымен ашылған ағымдағы есепшоттардағы ақшалар | 95,279 | 140,913 |
| Банктарда теңгемен ашылған ағымдағы есепшоттардағы ақшалар | 27,194 | 653,076 |
| Банктарда рубльмен ашылған ағымдағы есепшоттардағы ақшалар | 294 | 138,632 |
| Банктарда еуромен ашылған ағымдағы есепшоттардағы ақшалар | 5,755 | 23,090 |
| | 853,975 | 955,711 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге қосылған ақшалай қаражат | - | 277,467 |
| | **853,975** | **1,233,178** |

## 11. САТУҒА АРНАЛҒАН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| | 2017 ж. 31 желтоқсан | 2016 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Вагон жөндеу депосы | 2,789,635 | - |
| Өткізуге арналған жүк вагондары | 256,946 | 163,552 |
| Өндірістік Астана базасы | 100,612 | - |
| АҚ «Астық Транстағы»50% үлесі | - | 3,874,398 |
| «Өңірлік форвордтық логистика» ЖШҚ (ЖШҚ «ӨФЛ») 90% үлесі | - | 3,303,572 |
| «Көліктік қызмет орталығы» АҚ (АҚ «ККО») 100% үлесі | - | 1,326,057 |
| | 3,147,193 | 8,667,579 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтермен қауымдастырылған міндеттемелер | - | (3,638,088) |
| | **3,147,193** | 5,029,491 |

2017 ж. 9 қазанда Топ филиалдары - «Вагон жөндеу депосы» (Арыс, Балқаш және Құсмұрын) және Астана өндірістік базасы «Astana Railway Services» ЖШС-нен 3,939,776 мың теңгеге мүлік сатып алу-сату келісім-шартына қол қойды. 2017 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Топ сатуға арналған ұзақ мерзімдік активтер құрамында осы активтерді жіктеді (27 Ескерту).

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорынға инвестициялар сатты.

Шығу күніне, сатуға арналған ұзақмерзімдік активтер мен сатуға арналған ұзақмерзімдік активтері бар қауымдастырылған міндеттемелер келесідей түрде берілді:

| | «ӨФЛ» ЖШҚ 2017 ж. 10 ақпаны | «ҚҚО» АҚ 2017 ж. 24 қаңтары | Итого |
|---|---|---|---|
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар | 11,340 | 593,380 | 604,720 |
| Бейматериалдық активтер | - | 449 | 449 |
| Тауарлық-материалдық қорлар | - | 3,134 | 3,134 |
| Сауда дебиторлық берешек | 2,435,081 | 161,255 | 2,596,336 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлеу | 72,215 | 163,762 | 235,977 |
| Басқа салықтар бойынша артық төлеу | 684 | 293,581 | 294,265 |
| Басқа ағымдағы активтер | 579,865 | 37,416 | 617,281 |
| Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары | 204,387 | 73,080 | 277,467 |
| **Сатуға арналған активтер** | **3,303,572** | **1,326,057** | **4,629,629** |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | - | (283,037) | (283,037) |
| Ұзақ мерзімді қарыздар бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі | - | (55,046) | (55,046) |
| Еңбек әрекетінің аяғында жұмысшыларды марапаттау бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі | (9,942) | (4,791) | (14,733) |
| Сауда кредиторлық берешек | (2,552,581) | (154,229) | (2,706,810) |
| Бюджетке төленетін басқа да салықтар мен міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер | (198,796) | (81,006) | (279,802) |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | (118,058) | (28,229) | (146,287) |
| **Сатуға арналған активтерге жататын міндеттемелер** | **(2,879,377)** | **(606,338)** | **(3,485,715)** |
| **Сатуға арналған таза активтер** | **424,195** | **719,719** | **1,143,914** |

2017 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы кірістер мен шығындарда келесіше есептелген сатуға арналған ұзақмерзімдік активтерді сатудан түскен кірістер танылды.

| | 2017 г. |
|---|---|
| Шығарылудан алынған ақшалай түсімдер | 5,911,258 |
| Минус: елеулі ықпалдың жоғалту күніне инвестициялардың есептік құны | (4,441,605) |
| **Шығырылудан түскен пайда** | **1,469,653** |

## 12. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

| | Шығаруға рұқсат берілген акциялар саны | Шығарылды, акциялар саны | Акционерлік капитал мың теңге |
|---|---|---|---|
| 2017 ж. 31 желтоқсанға | 123,000,000 | 62,303,295 | 67,726,866 |
| 2016 ж. 31 желтоқсанға | 123,000,000 | 62,303,295 | 67,726,866 |

Негізгі компанияның шешіміне сәйкес Топтың акционерлік капиталын қалыптастыру акциялар шығару арқылы жүзеге асырылды. Осы шығарылымдар, негізінен, Топтың акционерлік капиталына енгізілген жүк вагондарымен берілген негізгі қаражаттар есебінен қаржыландырылды.

## 13. ТАБЫС САЛЫҒЫ

| | 2017 ж. | 2016 ж. |
|---|---|---|
| Ағымдағы табыс салығы бойынша шығындар | 592 | 115,769 |
| Ағымдағы жылдың кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыны/(үнемдеу) | 2,814,647 | (3,092,121) |
| Кейінге қалдырылған салық активін есептеп шығару | 538,108 | - |
| Бұрынғы жылдардың ағымдағы табыс салығын түзету | (1,778,041) | (76,184) |
| | **1,575,306** | **(3,052,536)** |

Төменде 31 желтоқсандағы табыс салығы бойынша шығындары бар ресми түрде белгіленген мөлшерлеме бойынша бухгалтерлік кірістен салық салуға дейін есептелген табыс салығы жөніндегі шығындарға салыстырып тексеру жүргізіледі:

| | 2017 ж. | 2016 ж. |
|---|---|---|
| **Салық салуға дейінгі шығын** | **(14,610,828)** | **(18,114,962)** |
| Салықтың ресми мөлшерлемесі | 20% | 20% |
| **Ресми мөлшерлемесі жөніндегі табыс салығы бойынша теориялық үнемдеу** | **(2,922,166)** | **(3,622,992)** |
| Табыс салығын есептеу мақсатында шегеруге жатпайтын шығындардың салық әсері: | | |
| Танылмаған кейінге қалдырылған активтердің өзгеруі | 538,108 | (8,906,158) |
| Шегерілмейтін шығындар | 5,737,405 | 9,552,798 |
| Бұрынғы жылдардың ағымдағы табыс салығын түзетуі | (1,778,041) | (76,184) |
| **Пайдалардағы немесе шығындардағы көрінбеген табыс салығы бойынша шығын/(үнемдеу)** | **1,575,306** | **(3,052,536)** |

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтердің салық базасы мен міндеттерінің жанесомаларының арасындағы уақытша айырмашылықтарға қаржылық жағдай жайлы сәйкес шоғырландырылған есептер күнінде әрекет ететін салықтың ресми түрде белгіленген мөлшерлемелерін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған сомалары келесілерді қамтиды:

| | 2017 ж. 31 желтоқсан | 2016 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **Кейінге қалдырылған салық активтері:** | | |
| Ауыстырылған салық шығындары | 42,711,230 | 44,749,899 |
| Төлеуге есептелген сыйақылар | 403,935 | - |
| Басқа | 356,712 | 562,673 |
| | 43,471,877 | 45,312,572 |
| **Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер:** | | |
| Негізгі қаражаттар мен басқа да ұзақ мерзімді активтер | (52,105,902) | (52,272,751) |
| Басқалар | 111,582 | (125,052) |
| | (51,994,320) | (52,397,803) |
| **Таза кейінге қалдырылған салық міндеттемелердің жиыны** | **(8,522,443)** | **(7,085,231)** |

2017 ж. мен 2016 ж. кейінге қалдырылған салықтар бойынша қозғалыс келесідегіше берілді:

| | 2017 г. | 2016 г. |
|---|---|---|
| **1 қаңтарға** | **(7,085,231)** | **(10,460,389)** |
| Мыналарда көрінеді: | | |
| Капиталда | 137,502 | - |
| Кірістер мен шығындарда | (1,574,714) | 3,092,120 |
| Сатуға арналған активтермен қауымдастырылған міндеттемелерде | - | 283,038 |
| **31 желтоқсанға** | **(8,522,443)** | **(7,085,231)** |

Төменде қаржылық жағдай жайлы есептегі кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерді талдау келтіріледі:

| | 31 декабря 2017 г. | 31 декабря 2016 г. |
|---|---|---|
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 266,501 | 390,572 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | (8,788,944) | (7,475,803) |
| Сатуға арналған активтермен қауымдастырылған міндеттемелерге қосылған кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | - | (283,038) |
| | **8,522,443** | **7,368,269** |

Кейінге қалдырылған салық активтері «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС еншілес ұйымында туындады. 2017 ж. Топ олардың 10 жыл бойында орнын толтырмайтындығынан 538,108 мың теңге (2016 ж.: нөл) сомасында өткен жылдардың салықтық шығындарымен байланысты салықтық активтерін есептен шығарды.

## 14. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЫЗДАР

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сыйақыны қоса алғанда, ұзақ мерзімді қарыздар келесілерді қосты:

| | Валюта | Өтелген күні | Пайыздық мөлшер-лемесі | 2017 ж. 31 желтоқсан | 2016 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді қарыздар:** | | | | | |
| **«ҚТЖ» ҰК» АҚ:** | | | | | |
| 1-қарыз | АҚШ Доллары | 2042 ж. 10 шілде | 6.95% | 265,262,042 | 266,020,915 |
